

## 2016 жылға арналған субсидия алушылар тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынудың мерзімдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 226 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қазанда № 6655 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 бұйрығымен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10–тармағына сәйкес ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 тіркелген), Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының басым субсидияланатын әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тізімге қосу үшін ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*А. Шәмшиев*

Әкімдіктің

2016 жылғы 8 қыркүйектегі

№ 226 қаулысына қосымша

**2016 жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының басым субсидияланатын әрбір түрі бойынша субсидиялар алуға өтініш білдірушілердің тізіміне қосуға ұсыну мерзімдері**

№	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді ұсыну мерзімдері
1	Жаздық жұмсақ бидай Күздік бидай	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
2	Жаздық қатты бидай	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
3	Сұлы Арпа Тары Қарақұмық	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
4	Күздік қара бидай	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
5	Бұршақ Аңқа Жасымық	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
6	Күнбағыс	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
7	Рапс	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
8	Зығыр	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
9	Мақсары	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
10	Картоп	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
11	Көкөністер	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
12	Бақша дақылдары	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
13	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
14	Сүрлемдік жүгері	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
15	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін
16	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйекке дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК